# Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 11/01 "Жаңаарқа ауданы бойынша 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 117/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 желтоқсанда № 5587 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 карашадағы №597 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16137 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Жаңаарқа ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №11/01 "Жаңаарқа ауданы бойынша 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5192 болып тіркелген, 2019 жылғы 23 ақпандағы №11 (9902) "Жаңаарқа" аудандық газетінде, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2019 жылғы 01 наурызында жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңаарқа ауданы әкімінің орынбасары Қожықаев Қанат Шубайұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Ю. Беккожин*

Жаңаарқа ауданы әкімдігінің
2019 жылғы_____ №____қаулысына
қосымша

Жаңаарқа ауданы әкімдігінің

2019 жылғы 14 ақпандағы
№11/01 қаулысына қосымша

# Жаңаарқа ауданы бойынша 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ананың төлемақысының мөлшері

| № | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны | | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ата-аналардың бір айға ақы төлеу мөлшері (теңге ) | | Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) кем емес | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мемлекеттік | Жеке | мемлекеттік | жеке | мемлекеттік | Жеке |
| 1. | "Атасу кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қарлығаш" балабақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 100 | - | 3 жастан 5 жасқа дейін - 11000 теңге | - | 32280 | - |
| 2. | "Атасу кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Балдырған " балабақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 150 | - | 3 жастан 5 жасқа дейін - 11000 теңге | - | 30580 | - |
| 3. | "Атасу кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Ақерке" бөбек- жай" коммуналдық мемлекеттік | 190 | - | 2 жастан 3 жасқа дейін - 10700 теңге,<br>3 жастан 5 жасқа дейін - 11000 теңге | - | | - |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қазыналық кәсіпорыны | | | | | 31575 | |
| 4. | "Атасу кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Ер Төстік" бөбек-жай" коммуналды қ мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 140 | - | 2 жастан 3 жасқа дейін - 10700 теңге,<br>3 жастан 5 жасқа дейін - 11000 теңге | - | 27644 | - |
| 5. | "Түгіскен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Еркетай" бөбек- жай" коммуналды қ мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 50 | - | 2 жастан 3 жасқа дейін - 10700 теңге,<br>3 жастан 5 жасқа дейін - 11000 теңге | - | 27616 | - |
| 6. | Жаңаарқа ауданы әкімдігінің Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің " Құлыншақ" бөбек- жай" коммуналды қ мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 25 | - | 2 жастан 3 жасқа дейін - 10700 теңге,<br>3 жастан 5 жасқа дейін - 11000 теңге | - | 27616 | - |
| 7. | "Балауса" бөбекжайы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (басшы Бекежанова | - | 100 | - | 2 жастан 3 жасқа дейін - 10700 теңге,<br>3 жастан 5 жасқа дейін | - | 32288 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Багдат Шакарбаевна) | | | | - 11000 теңге | | |
| 8. | "Ясли сад " Дария" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (басшы Орманалиева Асем Ергалиевна" | - | 60 | - | 2 жастан 3 жасқа дейін - 10700 теңге,<br>3 жастан 5 жасқа дейін - 11000 теңге | - | 32288 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК